

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 қыркүйек N 918

1997/98 жылғы қыста Қарағанды облысында болған дауылды желдерге, қатты аяздарға байланысты төтенше жағдайлардың зардаптарын жою мақсатында, сондай-ақ зардап шеккен халыққа көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан Қарағанды облысының әкіміне Теміртау қаласы үшін 1997/98 жылғы қыста болған табиғи зілзалалардың зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға 30 (отыз) млн. теңге б ө л і н с і н .

2. Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімі 1998 жылдың қорытындысы

бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Икебаева А.